

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№ 348

2018 жылғы 10 желтоқсан

«Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 43-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрығына 3-қосымшамен бекітілген, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына мониторинг жүргізу жөніндегі әдістеменің 10-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Облыстық басқармалар осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА